

**«Freedom Рейтинг» сервисі бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге  
жария оферта  
(«Freedom Рейтинг» сервисі бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге  
шарт жасау туралы ұсыныс)**

Осы құжат «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі - ҚР АҚ) 395-бабына сәйкес ниет білдірген кез келген адаммен осы ұсыныста көрсетілген талаптарда шарт жасауға мүмкіндік беретін, шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын жария офертасы (бұдан әрі – Оферта/шарт) болып табылады.

Осы жария оферта Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

ҚР АҚ 396-бабының 3-тармағына сәйкес Офертаны акцептеу Офертада баяндалған талаптарда шарт жасаумен тең болады.

Офертаның акцепті Клиенттің Банктің SuperApp қолданбасына OTP-кодты енгізу фактісі және клиентпен Шартта көзделген тәртіппен қызмет көрсетуге өтініш пен келісімге қол қою фактісі болып табылады. Шарт Клиент өтінішке қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

Офертаны қабылдау (акцептеу) мерзімі белгіленбеген. Банк кез келген уақытта Офертаны қайтарып алуға құқылы. Банк Офертаны кері қайтарып алу туралы клиенттерге Офертаны кері қайтарып алу туралы ақпаратты Банктің Сайтында немесе SuperApp қолданбасында орналастыру арқылы хабарлайды.

Клиент осы Шарттың ережелерін, Банктің тарифтерін және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Freedom Рейтинг» Консультациялық қызметтер шеңберіндегі Ниеттестік және Кешбэкті есептеу бағдарламасының қағидаларын (бұдан әрі – Қағида) толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз оқып, түсінді және келісті және оларға толық қосылды, сондай-ақ осы Шарттың барлық ережелерін, Банктің тарифтерін және Қағидаларды мүлтіксіз, уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттеме қабылдайды.

«Freedom Рейтинг» консультациялық сервисін енгізудің және оның жұмыс істеуінің басты мақсаты төмендегілерді қамтитын консультациялық қызметтер<sup>1</sup> көрсету болып табылады:

- деректерді талдамалық өңдеуді және Freedom Рейтингті есептеуді жүргізу;
- SuperApp қолданбасындағы әрбір фактор бойынша нәтижелерді визуализациялау және түсіндіру;
- Клиентке оның қаржылық мінез-құлқын жақсарту бойынша жеке ұсыныстар беру;
- цифрлық арналар арқылы Клиентті консультациялық қолдау және ақпараттандыру.

## **1. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР**

1.1. Осы Офертаның мақсатында төменде келтірілген терминдер келесі мағынада пайдаланылады:

**Офертаның акцепті** – Клиенттің Банктің SuperApp қолданбасына OTP-кодты енгізу фактісімен Клиенттің өтінішке қол қою әрекеттерін жүзеге асыру арқылы Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы.

**Банк** – «Фридом Банк Казахстан» АҚ.

**Бонустық шот** – Клиент «Freedom Рейтинг» консультациялық сервисіне қосылған кезде Банк тарапынан автоматты түрде ашылатын Клиенттің баланстан тыс шоты. Бонустық шотта Кешбэкті есептеу және есептен шығару бойынша операциялар көрсетіледі.

---

<sup>1</sup> Кредит қабілеттілігін бағалауды, қаржылық мінез-құлқты талдауды және ұсынымдар беруді қамтитын консультациялық қызметтерді Банк Банктің ішкі әдістемелері, алгоритмдері және талдамалық модельдері негізінде көрсетеді. Клиентке ұсынылатын ақпарат тек ақпараттық-консультациялық сипатта болады, Клиенттің жеке танысуына арналған және өзге қаржы ұйымдары танитын ресми кредиттік қорытынды, кредиттік рейтинг немесе скорингтік есеп болып табылмайды. Freedom рейтингін есептеу нәтижелері Банк үшін белгілі бір талаптарда қаржы өнімдерін ұсыну бойынша міндеттемелер туғызбайды және үшінші тұлғалардың кредиттік ақпаратының сенімді көзі ретінде пайдалануына немесе Клиенттің өзге қаржы мекемелерінде кредиттік қабілеттілігін растауына жатпайды.

Клиенттің бастамасы бойынша Бонустық шоттан Кэшбэк есептен шығарылады және одан әрі пайдалану үшін Клиенттің ағымдағы шотына баламалы сомада есептеледі. Бонустық шот бойынша операциялар, мысалы, есептеу және есептен шығару SuperApp қолданбасында көрсетіледі.

**Freedom/ETN Инвестициялық валютасы** — «Freedom Инвестициялық валютасы» банктік өнімі, Клиентке тиесілі бағалы қағаздар түріндегі базалық активтің ақшалай баламасы түріндегі өлшем бірлігі. Бағалы қағаз Freedom Holding Corp. тикері FRHC акциясымен қамтамасыз етілген ETN (Exchange Traded Notes, эмитенті – FRHC Fractional SPC Ltd., сауда символы – FRHC.ETN, ISIN – KZX000002001) білдіреді. Freedom валютасы Клиентке ETN іске асыру/сыйға тарту арқылы төлемдер/аударымдар жасауға мүмкіндік береді. АҚШ долларымен номинацияланған;

**Кешбэк** — «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметінің шеңберінде техникалық іске асыру сәтінен (қоса алғанда) бастап ресімделген кредит шарты бойынша жоспарлы ай сайынғы төлемді уақтылы өтеу міндеті орындалғанда, Банк тарапынан Клиенттің Бонустық шотына меншікті қаражаты есебінен есептейтін кірісі және Клиенттің Freedom Рейтингінің деңгейіне, кредиттік өнімнің түрі мен мерзіміне байланысты болады;

**Клиент** — 18 жасқа толған, SuperApp қолданбасында тіркелген және авторизацияланған, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес сәйкестендіруден өткен жеке тұлға;

**Freedom Рейтинг консультациялық сервисі** — Клиенттерге балл арқылы көрсетілген сандық бағалау нысанында қаржылық мінез-құлық туралы ақпарат беруге бағытталған Банктің ұйымдастырушылық, әдіснамалық және техникалық іс-шараларының жиынтығы, Клиенттерге кеңес беру мақсатында ғана қолданылады;

**Оферта** – Банк талаптарына сәйкес келетін кез келген адамға жіберетін және барлық маңызды талаптарды қамтитын осы консультациялық қызметтер көрсетуге арналған жария шарт. Бұл ұсыныста заңнамада маңызды деп танылған немесе құқықтық қатынастардың осы түрі үшін қажет барлық талаптар, сондай-ақ Орындаушының өтініші бойынша келісімге қол жеткізілуі тиіс талаптар қамтылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 394-бабының 2-бөлігіне, 396-бабының 3-бөлігіне сәйкес осы Шарт Тараптар арасында жазбаша нысанда жасалған деп танылады;

**Кредиттік тарихы (КТ)** — Қазақстан Республикасының Кредиттік бюросы ұсынатын Клиенттің қаржылық міндеттемелері және олардың орындалуы туралы мәліметтер. «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберінде Клиент өзінің кредиттік тарихымен танысуға және оны SuperApp қолданбасы арқылы PDF форматында жүктеп алуға мүмкіндігі бар;

**Банктің Сайты** – мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілетін, аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы бар және Интернетте жұмыс істейтін Банктің электрондық ақпараттық ресурсы. Банк Сайтының мекенжайы <https://bankffin.kz>;

**Freedom Рейтинг** — Клиентті 0 (нөл)-ден 100 (жүз) баллға дейінгі шкала бойынша ішкі бағалау жүйесі, мұндағы ең төменгі мән Клиенттің жиынтық көрсеткіштерінің өте төмен деңгейін, ал ең жоғары мән Клиенттің жиынтық көрсеткіштерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Банк ішкі бағалау жүйесін Freedom Инвестициялық валютасының қалдығын, экожүйе өнімдерін пайдалануды, серіктестерден сатып алуларды, төлем тәртібін, кредиттік жүктемені, кредиттік белсенділікті, сондай-ақ жалақы түсімдерін қамтитын мінез-құлық, қаржылық және өнімдік факторларының жиынтығы негізінде қалыптастырады. Freedom Рейтинг Клиентке тек консультациялық қызмет шеңберінде ұсынылады және Клиенттің жиынтық қаржылық мінез-құлқын көрсететін сандық көрсеткіш түрінде көрсетіледі;

**SuperApp** — мобильді құрылғыда орнатылған қолданба (бағдарламалық жасақтама) арқылы қашықтықтан электрондық банктік қызметтерді және Банк серіктестерінің қызметтерін алуға арналған Freedom SuperApp мобильді қолданбасы.

## 1.2. Рейтинге ықпал ететін факторлар:

**Freedom Инвестициялық валютасының қалдығы.** Фактор – Банктің ішкі есеп жүйелері шеңберінде ескерілетін соңғы 3 айдағы Клиенттің Freedom Инвестициялық валютасы шотындағы орташа күндік қалдықтардың деңгейін сипаттайтын жиынтық көрсеткіш. Банк бұл факторды Клиенттің қаржылық мінез-құлқы тұрақтылығының көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырады. Қолданудың қисыны мынада: орташа күндік қалдықтардың сомасы неғұрлым жоғары болса, бұл көрсеткіштің Freedom Рейтинг мәніне әсері соғұрлым оң болып саналады.

**Өнімдерді пайдалану.** Фактор Клиенттің Банк ұсынатын банктік өнімдер мен Freedom экожүйесін пайдалану санын, әртүрлілігін және белсенділігін көрсетеді. Аталған өнімдерге мыналар жатады: төлем карталары, депозиттік шоттар, кредит шарттары, сақтандыру және инвестициялық құралдар. Банк әрбір өнім мен оның белсенді қолданылуын Клиенттің Freedom экожүйесімен өзара әрекеттесуінің оң элементі ретінде түсіндіреді, ол есептік жүйелерде құжатталады. Клиент өнім спектрін неғұрлым кең және белсенді пайдаланса, бұл фактор Freedom Рейтингінің қорытынды мәніне соғұрлым оң әсер етеді.

**Серіктестерден сатып алулар.** Фактор клиенттің Freedom экожүйесіне интеграциялану дәрежесін сипаттайды және SuperApp қолданбасымен интеграцияланған серіктестік сервистер арқылы жүзеге асырылатын жиынтық айналымдар негізінде анықталады. Егер Клиенттің серіктестерден сатып алу белсенділігі төмен немесе жоқ болса, бұл фактордың үлесі ең төмен болып саналады. Сонымен қатар, серіктестерден сатып алу көлемін ұлғайту кезінде фактордың үлесі пропорционалды түрде артады, бұл қорытынды Freedom Рейтингінің өсуіне әкеледі. Осылайша, бұл фактор Клиенттің Банкпен және оның серіктестерімен өзара іс-қимылға қатысуын бағалаудың қосымша тетігі ретінде қарастырылады.

**Төлем тәртібі.** Фактор Клиенттің сенімділігінің негізгі индикаторы болып табылады және оның кредит шарттары бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау қабілетін көрсетеді. Есептеу кезінде мерзімі өткен берешектің болуы және болмауы фактілері, сондай-ақ пайда болу ұзақтығы мен жиілігі ескеріледі. Есептеу кезінде мерзімі өткен берешектің болуы және болмауы фактілері, сондай-ақ пайда болу ұзақтығы мен жиілігі ескеріледі. Кешіктірудің болмауы, әрине, оң көрсеткіш ретінде түсіндіріледі және Клиентке фактор бойынша ең жоғары балл береді. Ұзақ, қайталанатын немесе бірнеше кешіктірулердің болуы индикатордың жүйелі төмендеуіне әкеледі, бұл Freedom Рейтингінің интегралды мәніне теріс әсер етеді.

**Қаржылық тұрақтылық.** Фактор Клиенттің қаржылық белсенділігінің деңгейін көрсетеді және Клиенттің Банктегі шоттары бойынша соңғы 3 (үш) күнтізбелік айдағы орташа күндік қалдығы негізінде айқындалады. Есептеу кезінде Клиенттің кез-келген шоттарындағы қалдықтар ескеріледі.

**Кредиттік белсенділік.** Бұл фактор Клиенттің кредиттік мінез-құлқының динамикасының индикаторы болып табылады және жаңадан ресімделген қарыз міндеттемелерінің санын ескереді. Клиент мерзімін өткізбей қызмет көрсететін қолданыстағы кредиттері бар және қарыз міндеттемелерінің уақтылы жабылу тарихын көрсететін сценарий оң болып саналады. Клиент қысқа уақыт ішінде жаңа кепілсіз кредиттердің едәуір көлемін ресімдейтін сценарий теріс болып саналады. Мұндай мінез-құлық жоғары тәуекел факторы ретінде түсіндіріледі және Freedom Рейтингінің қорытынды мәніне теріс әсер етеді.

**Жалақы түсімдері.** Фактор Банктің жалақы жобасы шеңберінде Клиенттің жалақы түсімдерінің жүйелілігін көрсетеді. Есептеу кезінде күнтізбелік айлар бойынша расталған жалақы түсімдерінің болуы ескеріледі. Бір күнтізбелік айда болған бірнеше жалақы түсімдері есеп айырысу айларының санын көбейтпейді.

## 2. ОФЕРТАНЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Офертаның мәні Клиенттің осы Офертаның талаптарына сәйкес қаржылық қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету болып табылады және Клиенттің кредитке қабілеттілігін бағалауды, Банктің экожүйесіндегі оның қаржылық мінез-құлқының деңгейін бағалауды қамтитын консультация түрінде көрсетіледі. Freedom Рейтингі балл шкаласы түрінде көрсетіледі және Клиенттің Банктің жеке ұсыныстарына қолжетімділігін анықтау үшін қолданылады.

## 3. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Банк Офертаға қосылу туралы өтінішке қол қойылғаннан және Клиенттің ол туралы ақпаратты Кредиттік бюродан алуға келісімін бергеннен кейін консультациялық қызметтер көрсетеді.

3.2. Консультациялық қызметтердің түрлері, құны және оларға ақы төлеу тәсілдері Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банк тарифтерінде көрсетіледі.

3.3. Банк консультациялық қызметтерді тұрақты негізде көрсетеді.

3.4. Банктің консультациялық қызметтер көрсету тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, Клиентке консультациялық қызметтер Клиент осы Офертаның талаптарын акцептеген күннен бастап және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, осы Шарттың талаптарына сәйкес ұсынылады. Freedom Рейтингі, сондай-ақ Кешбэк туралы ақпаратты жаңарту әр 5 жұмыс күні сайын жүзеге асырылады. SuperApp қолданбасында Клиентке Freedom Рейтингінің соңғы есептелген мәні және оның жаңартылған күні көрсетіледі. Егер Банк консультациялық қызметтер көрсету талаптарын бұзған немесе Клиенттің дербес деректерін осы Офертада айқындалған мақсаттарға сәйкес пайдаланбаған жағдайда, Клиент Шартты біржақты тәртіпте дереу бұзу құқығын өзіне қалдырады.

3.5. Freedom Рейтингі интегралды көрсеткіш болып табылады және қорытынды мәні 100 балл құрайтын ең жоғары мәнімен шектелген Freedom Рейтингі факторлары бойынша баллдар сомасы ретінде анықталады: **Freedom Рейтингі =  $\Sigma$  (әр фактор бойынша балл × тиісті фактордың салмағы)**, мұнда әрбір фактор нормаланған және Банк белгілеген диапазондармен шектеледі.

3.6. Берілген Freedom Рейтингі қызмет көрсету туралы актінің күшіне ие. Қабылдау тиісті актіге қол қоюсыз жүргізіледі.

3.7. Freedom Рейтингін қолданудың нақты мақсаттары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: Клиенттерге олардың қаржылық мінез-құлқын жиынтық талдауға қатысты Банктің консультативтік пайымдау сипаты бар ақпаратты ұсыну; Банк банктік өнімдердің талаптарын кейіннен өзгерту бөлігінде қандай да бір кепілдіктер немесе міндеттемелер берусіз, Клиенттерде олардың қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі факторлар бойынша түсінік қалыптастыру; өнімдерді пайдалану және қаржылық тәртіпті сақтау бөлігінде ашық және қолжетімді консультациялық түсініктемелер беру арқылы Клиенттердің Банктің экожүйесіне тартылу деңгейін арттыру; Клиенттердің жауапты қаржылық мінез-құлқы мәдениетін дамыту және олардың өз іс-әрекеттерін өз бетінше бағалауға қызығушылығын ынталандыру.

3.8. Белсенділік санаты

| Санаты            | Қосымша санаты                            | Бағалау өлшемі   |
|-------------------|---|--|
| Freedom экожүйесі | Freedom Инвестициялық валютасының қалдығы | Соңғы 3 ай бойынша Freedom Инвестициялық валютасы шотындағы орташа күндік қалдық |

|                     |                          |   |
|---------------------|--------------------------|---|
|                     | Өнімдерді пайдалану      | Іске қосылған өнімдердің саны (карталар, депозиттер, кредиттер, сақтандыру және т. б.). |
|                     | Серіктестерден сатып алу | Соңғы 3 ай бойынша SuperApp қолданбасы арқылы серіктестердегі айналымы                  |
| Қаржылық сауаттылық | Төлем тәртібі            | Мерзімін өткізудің болуы/ұзақтығы, тиісті уақытында орындалған төлемдердің үлесі        |
|                     | Қаржылық тұрақтылық      | Клиенттің банктегі кез келген шоттары бойынша соңғы 3 айдағы орташа күндік қалдық       |
|                     | Кредиттік белсенділік    | 6 айдың ішінде қарыздардың саны мен динамикасы, оларды жабу тарихы                      |
| Қосымша балл        | Жалақы түсімдері         | Банктің жалақы жобасының шеңберінде Клиенттің соңғы 3 айдағы расталған жалақы түсімдері |

3.9. Клиентке кредит шарты бойынша міндетті жоспарлы ай сайынғы төлем енгізілгенге дейін SuperApp қолданбасында көрсетілетін Кешбэк мөлшері ақпараттық сипатта болады және аталған төлем енгізілген күні жаңартылуы мүмкін. Банк Кешбэктің қорытынды мөлшерін міндетті жоспарлы ай сайынғы төлем енгізілген күнге сәйкес Клиенттің өзекті Freedom Рейтингін, кредиттік өнімнің түрі мен мөлшерін, сондай-ақ Қағидалармен көзделген талаптарды ескере отырып анықтайды.

3.10. Банк тарапынан Кешбэк Клиент ақшаны кредит шартында белгіленген мерзімде карта немесе ағымдағы шот арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен толық көлемде енгізген жағдайда ғана кредит/қарыз шарты бойынша міндетті жоспарлы ай сайынғы төлемді өтеу талабы орындалғанда Клиенттің Бонустық шотына есептеледі.

3.11. Кешбэк кейіннен ETN сатып алу мәмілесі жасалған сәтте белгіленген Банктің бағамы бойынша ETN-ге айырбасталатын теңге ұлттық валютасында есептеледі.

#### **4. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Банк Клиенттің дербес деректерін сақтау және өңдеу үшін жауапкершілік алады, оларды өңдеу процесінде осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді және оларды Клиентке сапалы консультациялық қызмет көрсету мақсатында ғана пайдаланады.

4.2. Банк Клиентке SuperApp қолданбасында көрсетілетін қызмет туралы толық және шынайы ақпарат ұсынылатынына кепілдік береді.

4.3. Ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының негізделген және қолданылатын талаптарына сәйкес жария ету міндеттемелерін бұзу болып саналмайды.

4.4. Банк Клиентке алдын ала хабарлаусыз, өзгерістерді Сайтта жариялай отырып, кез келген сәтте қызметтердің құрамына және осы Офертаның талаптарына біржақты тәртіпте өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

4.5. Банк Клиентке оның SuperApp қолданбасындағы қаржылық мінез-құлқы туралы ақпарат беруге бағытталған кеңестер мен түсіндірмелерді қалыптастыратын жүйені тұрақты негізде қолдайды.

4.6. «Freedom Рейтинг» бағдарламасы шеңберінде Банк Клиентке өзінің Superapp қолданбасында Freedom Рейтингін қалыптастыру кезінде ескерілетін өзінің кредиттік тарихы туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік береді.

4.7. Банк Клиентке жеке танысу және SuperApp қолданбасында сақтау мақсатында кредиттік есепті (КТ) PDF форматында жүктеп алуға мүмкіндік беретін функционалды ұсынуға міндеттенеді.

4.8. Банк Клиент талаптарды сақтаған жағдайда және оны алу құқығы туындаған сәттен бастап кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау есебіне жоспарлы ай сайынғы төлем сомасын есепке қосқан сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Клиентке кешбэк есептеуге міндеттенеді.

## **5. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Клиент консультациялық қызметтер көрсету процесінде өзі туралы дұрыс ақпарат беруге міндетті.

5.2. Клиент консультациялық қызметтер көрсетуге байланысты өзіне қолжетімді болған ақпарат пен материалдарды, оларды жеке пайдалануды қоспағанда, қайталамауға, көшірмеуге, сатпауға, сондай-ақ қандай да бір мақсатта пайдаланбауға міндеттенеді.

5.3. Клиент Қазақстан Республикасының ақылы қызметтер көрсету бойынша қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұтынушының барлық құқықтарын пайдаланады.

5.4. Клиент SuperApp қолданбасында Freedom Рейтингінің өзгеру динамикасын көреді, ол көрнекі прогресс индикаторы және «Толығырақ» блогы ретінде көрсетіледі, онда: белсенділік тарихы; деректер көздерін талдау; әр фактор бойынша консультациялық ұсыныстар беру көрсетілген.

5.5. Клиент есептеу нәтижелерін шарттардың талаптарын өзгертуге негіз ретінде даулай алмайды және тек консультациялық сипатта қолданылады.

5.6. Клиент көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты барлық шағымдарын жазбаша нысанда salem@bankffin.kz мекенжайына жолдауы немесе ақпараттық желінің +7 776 1 595 595 және 595 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалуы тиіс. Шағым Банкке түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайтын мерзімде қаралады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Банк және Клиент дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін қолдануға міндеттенеді.

6.2. Дауды сотқа дейінгі тәртіпте реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы. Тараптардың даулары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қолдана отырып қаралады.

6.3. Осы Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

## **7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ**

7.1. Тараптар осы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың қолданылатын нормаларын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар) сақтайтынын және сақтауға міндеттенетінін растайды және кепілдік береді.

7.2. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға қайшы келетін қандай да бір әрекеттер жасамайды (әрекетсіздіктен бас тартады) және өздерінің еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауын қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті және заңнамамен жол берілетін әрекеттерді орындайды, сонымен қатар кез келген коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында немесе өзге заңсыз мақсатпен олардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір тұлғалардың пайдасына немесе өзге тұлғалардан кез келген нысанда (соның ішінде ақшалай нысанда (кез келген валютада қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда), өзге құндылықтар, мүлік, мүліктік құқықтар немесе өзге материалдық және/немесе материалдық емес пайда түрінде) тікелей немесе жанама, жеке немесе үшінші тұлғалар арқылы пара алудан немесе пара алуға ұсыныс жасаудан, уәде беруден, беруден, бопсалаудан, өтініш етуден және келісуден бас

тартады.

7.3. Тараптардың бірінде екінші Тараптың осы Шарттың қандай да бір ережелерін бұзған немесе бұзуы мүмкін деген ақылға қонымды негізделген күдігі туындаған жағдайда, осындай Тарап екінші Тарапқа ереже бұзушылық фактісін жоққа шығаратын немесе растайтын түсініктемелер мен ақпаратты (құжаттарды) ұсынуды талап ете отырып, сұрау салуға құқылы.

## **8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**

8.1. Тараптар Шартты орындау барысында алынған, Тараптардың әрқайсысы үшін құпия болып табылатын мәліметтерді (бұдан әрі — «құпия ақпарат») жария етпеу міндеттемелерін қабылдайды. Шарттағы «құпия ақпарат» ретінде жариялануы шығынның туындауына әкеп соғуы және (немесе) Тараптардың кез келгенінің іскерлік беделіне әсер етуі мүмкін жалпыға бірдей қолжетімді емес мәліметтер түсініледі, соның ішінде (егер қолданылса):

— Клиенттің дербес деректері туралы ақпарат;

— көрсетілген Қызметтер туралы ақпарат;

— Тараптың бірі ҚР заңнамасына сәйкес осындай ақпаратты беруге міндетті болған жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында алған кез келген өзге ақпарат.

8.2. Банк дербес деректерді өңдеу барысында «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының, сондай-ақ оны орындау үшін шығарылған нормативтік құжаттардың талаптарын толық көлемде сақтауға міндеттенеді.

8.3. Тараптар дербес деректерді өңдеу деп оларды жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру, соның ішінде осындай дербес деректерді үлестес немесе Банкпен байланысты тұлғаларға беру, сондай-ақ оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігі және құпиялылығы қамтамасыз етілген жағдайда жеке деректерді иесіздендіру, бұғаттау, жою деп түсінеді.

8.4. Клиент Банкке осы Шартты орындау мақсатында Клиент өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы немесе осы Шарт жасалған кезде немесе Шарттың қолданыс мерзімі барысында ұсынған Клиенттің кез келген дербес деректерін кез келген тәсілмен өңдеуге келісім береді. Көрсетілген Келісім осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрекет етеді және Клиент осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен келісімді кері қайтарып алуы мүмкін.

8.5. Клиент Банк оның дербес деректерін беруге және оларды өңдеуді үшінші тұлғаларға тапсыруға құқылы екендігімен келіседі. Осы келісім Алушы осы Шартты акцептеген сәттен бастап берген болып есептеледі және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банк көрсетілген деректерді өңдеуге құқылы болған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Дербес деректерін өңдеу мақсатына жеткенге дейін немесе келісім кері қайтарылған сәтке дейін және осындай келісім кері қайтарылғаннан кейін қолданылады. Клиент кез келген уақытта [salem@bankffin.kz](mailto:salem@bankffin.kz) электрондық пошта мекенжайына тиісті тақырыпты көрсете отырып хабарлама жіберу арқылы осы келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Клиент келісімді кері қайтарып алған жағдайда, Банк «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының 9-бабында көзделген негіздер болған кезде дербес деректерді Алушының келісімінсіз өңдеуді жалғастыруға құқылы.

## **9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН БҰЗУ ТӘРТІБІ**

9.1. Осы Шарт Банк пен Клиент үшін шексіз мерзімге қолданылады.

9.2. Банк осы Шартты одан әрі орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Осы Шартта өзгеше көзделмесе, бұл мақсатта Банк Клиентке Шарттың 11-бөлімінде

белгіленген тәртіпте орындаудан бас тартудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей өзінің орындаудан бас тарту ниеті туралы хабарлайды.

9.3. Клиент осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Банктің Бөлімшесіне келіп өтініш беру арқылы біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Шарт бұзылған кезде қосымша құн салығын (ҚҚС) қоса алғанда, Банктің қолданыстағы Тарифтерінде белгіленген мөлшерде төлем алынады. Қолданыстағы тарифтер туралы ақпарат Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

## **10. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ БАСҚА ТАЛАПТАР**

10.1. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

10.2. Банк өз қалауы бойынша осы Шартқа өзгерістер енгізуге және/немесе Шартты кез келген уақытта кері шақыртуға құқылы. Бұл ретте Банктің осы Шартқа енгізген өзгерістері күшіне енеді және Банк Шарттың жаңа редакциясын Сервисте және/немесе Сайтта орналастырған кезден бастап Тараптар үшін міндетті болады.

10.3. Клиент Банктің осы Шартқа біржақты тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын мойындайды және қабылдайды.

10.4. Банк осы Шартты орындауға байланысты барлық хабарламаларды Клиенттің Жеке кабинеті арқылы немесе Банк айқындайтын өзге тәсілдермен жібереді.

10.5. Клиентке Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісі туралы хабарлаған кезде, Клиент Банк ұсынған тәсілмен Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен танысу фактісін растаған сәтке дейін Банк Клиенттің сервиске қосылуын уақытша тоқтатуға құқылы.

10.6. Егер осы Шарттың қандай да бір талаптары заңды күшін жоғалтса, заңсыз деп танылса немесе осы Шарттан алынып тасталса, бұл осы Шарттың заңды күшін сақтайтын және Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылатын қалған талаптарының жарамсыздығына әкеп соқпайды.